

«Сәуле ауылының Шәһәри Әлжанов атындағы ЖОББМ» КММ

2024-2025 оқу жылы

Тәрбие жұмысының мәтіндік есебі

"Біртұтас тәрбие" тәрбие бағдарламасын іске асыру жөнінде рухани-адамгершілік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, парасаттылық пен адалдықты дамыту арқылы қазақстандық мәдениеттің құндылықтары негізінде білім алушының үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыру, құндылықтар негізінде мектепшілік жұмыс жоспары құрылды.

Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінуде. Әр айда біртұтас тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар қамтылуда. Апта сайын оқушыларды сөзіне берік, ісіне адал болуға үйрету, оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды, адамдық қасиеттерді игеруге ықпал ету мақсатында апта сайын дәлізде, сыныптарда ілінуде.

Қыркүйек – Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік айы;

Қазан – Тәуелсіздік және Отаншылдық айы;

Қараша – Әділдік және Жауапкершілік айы;

Желтоқсан – Бірлік және Ынтымақ айы;

Қаңтар – Заң және Тәртіп айы;

Ақпан – Жасампаздық пен Жаңашылдық айы;

Наурыз – Бірлік және Ынтымақ айы;

Сәуір – Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – Жасампаздық пен Жаңашылдық айы;

Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтылуда.

Барлығы 77

Сынып сағаты 34/33

Жалпы мектепшілік іс-шара 43



Мектепте күнделікті:

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауда.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат берілуде.
- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесу керек екені жайлы ақпараттар таратылуда.
- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеп таратылуда.
- «Күй күмбірі» – әр аптаның бейсенбі күні үлкен үзіліс кезінде күй ойнатылады.



1 қыркүйек – Білім күні Сәуле ауылының Шәрәпи Әлжанов атындағы ЖОББМ өз дәрежесінде “Мектебім-мейірім мекені” тақырыбында аталып өтті.

Жаңа оқу жылына алғашқы құттықтау сөзін арнаған мектебіміздің директоры М.С.Тлеуенова ұстаздар қауымына қажыр-қайрат, күш-қуат, оқушыларға білім жолында биік белестерге жетуді тіледі. Ал, мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндер арнайы тақпақтарын жатқа айтып, тәтті қылықтарымен көпшілікті тәнті етті. Салтанатты жиынның қадірлі қонағы ретінде Біржан сал аудандық білім бөлімінің әдіскері Керейбаев Алмас Сапарғалиұлы және зейнеткер ұстаздар, ата-аналар жылы лебіздерін білдіріп, 1-сынып оқушыларына сәттілік тіледі.



Мектебімізде Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022-2026 жылдарға арналған даму тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 10.3-тармағына сәйкес «Мың бала» мәдени-ағартушылық жобасын өткізу аясында қазақтың біртуар перзенті Т. Рысқұловтың 130 жылдық мерейтойына арналған жалпықазақстандық «Тұрар Рысқұлов – тарихи тұлға» тақырыбында ашық диктант өткізілді. Қатысқан оқушылар саны 12.



5-қыркүйек – Тіл мерекесіне орай жоспар құрылып, онкүндік ашылу салтанаты өтті. Оқушылармен викториналық ойындар ойнатылды.



Тіл апталығы жоспарына сай орыс тілі пәні мұғалімі Альжанова Сауле Кайргельдиновна “Этот замечательный русский язык” тақырыбында ашық сабақ өткізді.



Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Б.Ш.Шуленова «Тілім менің ғасырларға аманат» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды.



Тарих пәнінің мұғалімі Әсемгүл Мағауқызы “Төрт тоқсан-төрт өнер” ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында “Ақындар айтысы” тақырыбында оқушылармен танымдық сабақ өткізді.



Мектебімізде “Алаш” өзін-өзі басқару ұйымы мен мұғалімдердің ұйымдастыруымен “Қарттарын қадірлеген ел ардақты” тақырыбында мерекелік іс-шара өтті. Оқушылар ән айтып, би билеп өнерлерін көрсетті.



19-қыркүйек «Біздің мектеп буллингке қарсы!» атты флешмоб өткізілді. Қатысқандар 5-11 сынып оқушылары. <https://www.facebook.com/share/v/MnsxbC4xrPMJCR9x/>

5-қазан – Мұғалімдер күніне орай «Дублер күні» ұйымдастырылды. Өзін-өзі басқару ұйымымен бірлесе отырып оқушылармен дөңгелек үстел ұйымдастырылып, сабақтар бөлініп, мұғалімдермен оқушылар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/RBSgmFiTEiDyDQ8H/>

5-қазан – Мұғалімдер күніне орай «Алаш» өзін-өзі басқару ұйымы мұғалімдерге арнап мерекелік концерт ұйымдастырылды.



“Төрт тоқсан-төрт өнер” ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы негізінде бастауыш сынып мұғалімдері оқушылармен “Топырақ жыр-торқа жыр” тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.



Мектебімізде “Алаш” өзін-өзі басқару ұйымының Президент сайлауы өтті. Өзін-өзі басқару ұйымының Президентіне үміткер ретінде 10-сынып оқушысы Исакова Даяна және 9-сынып оқушысы Ташева Дариға өздерін ұсынды. Осы негізде мектеп Президенттігіне үміткерлердің өздерінің ұсынудағы мақсатымен және алда қандай жұмыстар атқаратындары туралы таныстырылым жасады. Нәтижесінде сайлау бюллетені арқылы көп ұпай жинаған 9-сынып оқушысы Ташева Дариға сайланды. Ташева Дариға жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар, шешім қабылдауға қабілетті, жауапты және тәртіпті, өз бетінше таңдау жасауға дайын және мектебімізде белсенді жұмыстар атқаратынына толық сенеміз.



23-қазан мектебімізде “Арайлы, алтын күз” тақырыбында өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Күзгі бал -2024»байқауы өткен болатын. Өзінің айырықша өткізілуімен және қуанышты көңіл-күй сыйлаумен ерекшеленетін аталмыш байқау негізінде оқушылардың

шығармашылық, эстетикалық және командамен, жұппен жұмыс істей білу, ізгі қарым-қабілеттерін шыңдауды мақсат етеді. Сайыс үш кезең бойынша өткізіліп, көп балл жинаған сынып мақтау грамотасымен марапатталды.



25-қазан – Республика күніне орай жоспар құрылып, жоспар негізінде іс-шаралар атқарылды.

1-11-сынып жетекшілер оқушылармен тәрбие сағаттарын өтті. 5-7-сынып оқушылары арасында сурет сайысы өтті. Үздік деп танылған оқушылар мақтау қағазымен марапатталды.

Тарих пәні мұғалімдері тарихи сабақтар, кітапханашы кітап көрмесін және Қазақстан республикасының Әнұранын орындау чаленджі ұйымдастырылды. 24-қазан күні «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында мерекелік концерт өтті.



Мектебіміздің оқушылары “Ұлттық мектеп лигасы” бағдарламасы бойынша 9-11 сынып оқушылары арасында аудандық “Үстел теннисі” спорттық ойын түрінен командалық есепте 2-орынға ие болды.



“Біртұтас тәрбие” бағдарламасы негізінде 1-4 сынып жетекшілері оқушылармен Ұлттық валюта күніне орай тәрбие сағаттарын өткізді.



Мектебімізде Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы бағдарламасы негізінде 5-9 сынып оқушыларының ата-аналары арасында "Баланың жеке басын дамытудағы мектепке бейімделуінің маңызы" мазмұнында "Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу" тақырыбында мектеп психологі танымдық сабақ, тренинг өткізді.



"Сәуле ауылының Шәрәпи Әлжанов атындағы ЖОББМ" КММ-де дене шынықтыру пәні мұғалімі Б.Ж.Нұржанов «Бес асық» ойындарынан, «АЛТЫН САҚА» мектепшілік турнир ұйымдастырды.

Мектебімізде 8-қараша күні "Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" айлығы басталды. Айлық негізінде жоспар құрылып, оқушылармен түрлі іс-шаралар атқарылды.



Мектебімізде "Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" айлығы аясында 5-11 сынып оқушылары арасында сынып сағаттары өтті.



5-9- сынып оқушыларының ата-аналарымен "Баланың бас ұстазы-ата-ана" тақырыбында "Ата-ананың бала тәрбиелеудегі міндеті- қателіктерді, кемшіліктерді, ауытқуларды түзету емес, жасөспірімге оң әсер ету" мазмұнында тренинг-сабақ өткізілді. Ұйымдастырушы: мектеп психологы Б.А.Сманова




Мектебімізде “Адам психикасын білу - өмірдегі сәттіліктің кілті” тақырыбында мектеп психологі Б.А.Сманова психологиялық апталықтың ашылуын ұйымдастырды. Апталық жоспарымен таныстырып, оқушылармен тренингтер өткізді.

<https://www.facebook.com/100043801012276/videos/571260045515117/>



Психологиялық апталық 2 күні. Мектеп психологі Сманова Бибигуль Амантайқызы оқушылардың психологиялық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасау, оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында және психологиялық апталық жоспарына сай кезекті тренингін ұйымдастырды.

"Гаджетсіз үзіліс", "Ашық микрофон", "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында ойындар ұйымдастырды.



Психологиялық апталық 3 күн. Мектеп психологі Б.А.Сманова "Буллинг және оның түрлері" тақырыбында мұғалімдермен дөңгелек үстел және тренинг өткізді. Оқушылардың психологиялық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасау, балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қорқытуға қарсы науқан аясында "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында ойындар, тренингтер, кітап көрмесін ұйымдастырды. Психологиялық апталық 7 күн өтті. Әр күн сайын оқушылармен тренингтер өткізіліп тұрды. Әр өткізілген іс-шара әлеуметтік желіге жарияланды. Аудандық білім бөліміне есебі берілді.



16- желтоқсан – Тәуелсіздік мерекесіне орай оқушылармен өтілетін іс-шаралар жоспары құрылды. Жоспар негізінде барлық іс-шаралап өткізілді, әлеуметтік желіге жарияланды. Тәуелсіздік мерекесіне орай мектебіміздің оқушыларымен 1-11 сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын өтті.



Мектеп кітапханашысы Ақмарал Қалиева 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мерекесіне орай құрылған жоспар негізінде "Тәуелсіздік шыңдары" атты тақырыбында көрме ұйымдастырды.



Психологиялық апталық жоспарына сай және 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мерекесіне орай құрылған жоспар негізінде "Тәуелсіздікке тарту", "Біз бақытты баламыз" тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.



1-11 – сынып оқушылары арасында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде «Өнегелі 15 минут» жобасы негізінде оқушылар мен ата-аналар видео челлендж түсірді.

<https://www.facebook.com/reel/9438591246160467>

<https://www.facebook.com/reel/1102713158230466>

<https://www.facebook.com/100043801012276/videos/908363401398405/>

Қазіргі таңда Тәуелсіздік-барлығымыз үшін ерекше қасиетті, бірліктің, ынтымақтастықтың пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі- ең алдымен халқымыздың бақыты.

«Менің Қазақстаным-менің болашағым» атты салтанатты тізілістен бастау алған мерекеде мектеп директоры М.С.Тлеуенова сөз сөйлеп, ұжымды, оқушыларды елеулі еңбек пен қажырлықтың арқасында келген, қуанышы мен мұны бірге жүретін- Тәуелсіздіктің торқалы мерекесімен құттықтады.

«Тәуелсіз елім-ұлы өлкем», «Желтоқсан –тәуелсіздік таңның бастамасы» атты тарихи-тағлымды тәрбие сағаттары 1-11 сыныптарда өтіп, тәрбие сағаттарында тәуелсіздіктің тарихы оқушыларға жете түсіндіріліп, жоғары сыныптарда оқушылардың тың ойлары тыңдалса, кей сыныптарда тамаша әндер орындалып, арнаулар оқылып жатты. «Тәуелсіздік-Мәңгілік ел мұраты» атты Тарих пәні мұғалімдері Барболова Асемгүл Мағауқызы және Сулейменова Сулушаш Базарқызы, 5-11 сынып оқушыларымен дайындалған тарихи оқиғалар көрмесі көпшілік назарына ұсынылып, оқушылар тарих бетін қайта ашып, зор ықыласпен, қызығушылықпен тыңдады.



16-желтоқсан –Тәуелсіздік күніне орай «Өзін-өзі басқару» ұйымы «Тәуелсіздік ізімін» тақырыбында мерекелік концерт ұйымдастырды.



16 желтоқсан - Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ұйымдастырылған аудандық "БЕС АСЫҚ" жарысынан мектебіміздің оқушылар командасы 2-орын, "АСЫҚ АТУ" сайысынан 1-орын жеңіп алды.

9-сынып оқушысы Қайрат Мағжан "Асық ату" және "Бес асық" жарысында ерекше көзге түсіп "Сұр мерген" деп танылып, мақтау қағазымен марапатталды.

«Жаңа жыл-2025» мерекесіне орай ұйымдастырылатын мектепшілік іс-шаралар ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара атауы	Сынып	Уақыты	Жауапты
1	«Жаңа жылға – ақ тілек» сурет көрмесі, қабырға газеттерін ілу	1-11-сынып	17.12 – 23.12.2024 ж	Сынып жетекшілер
2	Шыршаны безендіру	5-11 – сынып	17.12. -23.12.2024 ж	5-11 сынып оқушылары және барлық сынып жетекшілер
3	Кабинеттерді безендіру	1-11 - сынып	17.12 – 23.12.2024 ж	Сынып жетекшілер және оқушылар
4	«Жаңа жыл, таңғажайып мереке»	«Болашақ» шағын орталығы және МАД	23.12.2024 ж Сағат 10:30	МАД сынып жетекшісі Нуртазина А.Ж.
5	«Төрлет, құтты, Жаңа жыл!» мерекелік концерт	1-4 - сынып	24.12.2024 ж Сағат 15:00	Бастауыш сынып жетекшілері
6	«Қош келдің, Жаңа жыл – 2025» мерекелік концерт	5-11 - сынып	25.12.2024 ж Сағат 16:00	7-сынып және Альжанова С.К.



«Жаппай біліммен қамту» қорынан көмек алатын 26 оқушыға жаңа жылдық кулектра табысталды.



Қысқы каникул кезінде оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында ата-аналармен түсіндіру жұмыстары, оқушылармен қауіпсіздік сабақтары өткізілді.

Оқушылардың қысқы каникул кезінде бос уақытын ұйымдастыру мақсатында үйірмелер мен секция уақыттары бекітілді.

“Сәуле ауылының Шәрепи Әлжанов атындағы ЖОББМ” КММ – де салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында дене шынықтыру пәні мұғалімі Шайкенов Сакен Мухтарұлы 5-11 сынып оқушылары арасында “Шаңғы шақырады” челленджін ұйымдастырды.

<https://www.facebook.com/share/p/18gkV1cvYK/>

Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде қаңтар айы «Заң мен тәртіп» айында барлық сынып жетекшілер жоспарға сай тәрбие сағаттарын ұйымдастырды.

<https://www.facebook.com/share/p/1JvjeGMg9f/>

Мектебімізде үзіліс уақытында оқушылардың уақыты ұлттық ойын түрінде өтуде және “Балалар кітапханасы” жобасы аясында оқушыларды кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында Біртұтас тәрбие бағытында түрлі іс-шаралар атқарылуда.

<https://www.facebook.com/100043801012276/videos/547538354995648/>

<https://www.facebook.com/share/p/1548EoxVn1/>

<https://www.facebook.com/share/p/18ezxYjTRB/>

Мектебіміздің оқушылары аудандық пән олимпиадасына қатысып жүлделі орындарға ие болды.

7-сынып оқушылары: Абдрахманов Әлем 1-орын (Математика пәні)

Талғатбек Нұрайым 2-орын (Орыс тілі пәні)

8-сынып: Ескендір Мөлдір 1-орын (Қазақ тілі)

Талғат Каусар 3-орын (Орыс тілі)

9-сынып: Ташева Дариға 3-орын (Қазақ тілі)

Әлімбай Жанболат 3-орын (Математика)

10-сынып: Исакова Даяна 2-орын (Математика)

Қайрат Амина 3-орын (Қазақстан тарихы)

<https://www.facebook.com/share/p/1FUTVAGaYs/>

Мектебімізде нашақорлыққа қарсы өтілетін іс-шаралар жоспары құрылды. Оқушылар арасында түрлі спорттық сайыстар, ұлттық ойындар, сурет сайысы, “Біз есірткіге қарсымыз” тақырыбында флешмоб челленджі ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/v/1YT6g5p9JC/>

“Ақмола дарыны” дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы жоспарына сай ұйымдастырылған «Тілі бірдің тілегі бір» ұранымен аудандық «Жарқын болашақ» олимпиадасында 8-сынып оқушысы Ескендір Мөлдір «Жас қаламгер» номинациясы бойынша 1-орын (жетекшісі: М.С.Тлеукенова), «Сөз шеберлері» номинациясы бойынша 10-сынып оқушысы Қайрат Амина 1-орын (жетекшісі: Шуленова Б.Ш.), «Білгірлер» номинациясы бойынша 9-сынып оқушысы Ташева Дариға 1-орын (жетекшісі: Г.А.Бопанова) жеңіп алды. Алдағы уақытта облыстық кезеңде жүлделі орын алуға тілектеспіз.



9-ақпан – Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай оқушылар арасында мәнерлеп оқу сайысы өтті. Үздік оқыған оқушылардың видеороликтары әлеуметтік желіге жарияланды.

<https://www.facebook.com/share/v/165gBnumAo/>

"STOP BULLING" онкүндігінің жоспарына сай 9-11 сынып ата-аналары мен сынып жетекшілер "Бала өмірінің қауіпсіздігі маңызды" тақырыбында жиналыс ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1AYxkRiimk/>



"STOP BULLING" онкүндігінің жоспарына сай өзін-өзі басқару ұйымы "Буллинг фактілерін анықтау" тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Мақсаты: оқушылардың психологиялық жайлылығы мен қауіпсіздігін сақтау, жағымсыз құбылыстардың алдын-алу.

<https://www.facebook.com/share/p/16BqjaRLw4/>

7-сынып жетекшісі Альжанова Сауле Ауған соғысының аяқталғанына 36 жыл толуына орай оқушылармен "Ауған асуында от кешкендер" тақырыбында сынып сағатын ұйымдастырды.

<https://www.facebook.com/share/p/1Eb91vsUUD/>



Ауған соғысының аяқталғанына 36 жыл толуына орай кітапханашы Ақмарал Өмірзаққызы “Ауған соғысы-ұмытылмас естелік” тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырды.



"STOP BULLING" онкүндігінің жоспарына сай 7-сынып жетекшісі Сауле Қайыргелдіқызы оқушылармен "Мейірімді болайық" тақырыбында видеоролик дайындады.

<https://www.facebook.com/share/v/1A5waWBUwE/>

"STOP BULLING" онкүндігінің жоспарына сай ТІМ Г.А.Бопанова және психолог Б.А.Сманова, әлеуметтік педагог Б.Ш.Шуленова "Кибербуллинг жайлы әңгімелесейік" тақырыбында 8-11 сынып оқушыларымен психологиялық кездесу ұйымдастырды. Кездесуге Біржан сал аудандық білім бөлімінің әдіскері Қырықбесова Алмагуль Сериковна, Біржан сал аудандық кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторы қатысып оқушыларға баяндама оқып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

<https://www.facebook.com/share/p/1FV2JfzAur/>

Кеңес әскерінің Ауғаныстаннан шыққанына 36 жыл толуына орай “Ерлік орнын өзгерту мүмкін емес” тақырыбындағы аудандық әскери-патриоттық сайысында мектебіміздің командасы жүлделі 2-орынды жеңіп алды. Жетекшісі Алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Жәніс Смагулов.

<https://www.facebook.com/share/p/15hpAUzZMs/>

"STOP BULLING" онкүндігінің жоспарына сай 1-7 сынып оқушылары арасында сурет сайысы, 8-11 сынып оқушылары арасында плакат сайысы ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1DzFePd7KD/>



"STOP BULLING" онкүндігінің жоспарына сай 5-11 сынып оқушыларына "Кибербуллинг дегеніміз не?" ақпараттық қағаздар таратылды. Дәлізге Буллинг және Кибербуллинг жайлы стенд ілінді.



Асық атудан Ақмола облысының чемпионатында мектебіміздің 9-сынып оқушысы Қайрат Мағжан 1-орын, 7-сынып оқушысы Әнәс Алинур 3-орын жеңіп алды.



“Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында 1-11 сынып оқушылары «Алғыс айту» күніне құттықтау видеороликтерін түсірді. Барлық видеороликтер әлеуметтік желіге жарияланды.

<https://www.facebook.com/share/v/16Du5rnXPt/>
<https://www.facebook.com/share/v/1SVh5CrrTT/>
<https://www.facebook.com/share/v/1AJFSVVRQW/>
<https://www.facebook.com/share/v/1EDh2izh94/>
<https://www.facebook.com/share/p/16K8A79XyZ/>
<https://www.facebook.com/share/p/1694EJ2ia8/>
<https://www.facebook.com/share/v/15ETHzztXz/>

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында 1-11 сынып оқушылары 8-наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне орай құттықтау видеороликтерін түсірді. Барлық видеороликтер әлеуметтік желіге жарияланды.

<https://www.facebook.com/share/v/16FU568iLK/>
<https://www.facebook.com/share/v/18oVcoeHuE/>
<https://www.facebook.com/share/p/195cjbUtio/>
<https://www.facebook.com/share/v/1B72mKx5BQ/>
<https://www.facebook.com/share/v/1HRMhoMPCW/>
<https://www.facebook.com/share/v/1AhJprN4Ei/>
<https://www.facebook.com/share/v/16NFtQ9DBR/>

22- Наурыз – Ұлыстың ұлы күніне орай Наурызнама жоспары құрылды. Жоспар негізінде әр күн сайын аталған мерекелер өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланды.



Мектебімізде Наурызнама жоспары негізінде және Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамы қарсаңында 14-наурыз -Көрісу күні - Амал мерекесі аталып өтті.

<https://www.facebook.com/share/v/1WnE2YRJii/>

1-4 сынып жетекшілері оқушылармен “Көрісу күні- ынтымақ пен берекенің бастауы!” тақырыбында тәрбие сағатын өтті.



15-наурыз - Қайырымдылық күні. Мектебіміздің оқушылары жалғызбасты қарияның үйіне барып қар тазалап, қайырымдылық көмек көрсетті.



“Сәуле ауылының Шәрәпи Әлжанов атындағы ЖОББМ 1-сынып оқушысы Шабдан Шоқан мен 4-сынып Шабдан Айтмұхан

16 наурыз-Шаңырақ күні

Бұл күн Наурыз мейрамы қарсаңындағы маңызды күндердің бірі және ол отбасы құндылықтарын, бірлік пен татулықты дәріптейді. “Шаңырақ” – қазақ мәдениетінде отбасының, ошақтың, тұтастықтың символы саналады.

<https://www.facebook.com/share/v/1GtfuHJQjw/>

<https://www.facebook.com/share/v/1BDwgoU3Za/>

17-наурыз - Мәдениет және Ұлттық салт-дәстүр күні.

Салт-дәстүр — әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері.

Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлері ғасырлар бойы дамып, сақталып келеді. Бұл мұра тек күнделікті тұрмыс-тіршіліктің көрінісі ғана емес, халықтың дүниетанымын, рухани және материалдық байлығын бейнелейтін қазына. Сол бай қазынаның ішіндегі қазақтың ұлттық әшекей бұйымдары ерекше орын алады. Әшекейлер қазақ әйелдерінің күнделікті киім үлгісінің ажырамас бөлігі ғана емес, халықтың рухани болмысы, мәдениеті мен тарихынан сыр шертетін символдық мәнге ие болған.

Осы орайда Наурызнама жоспарына сай ұлттық мәдениетті ұлықтау мақсатында мектебіміздің оқушылары қазақи нақыштағы әшекей бұйымдарды тағып, мектеп ішінде таныстыру жұмыстарын жүргізіп, сәндік көрсетілім өткізді.

<https://www.facebook.com/share/p/1Bi1qUAPjY/>

8 наурыз күні Наурызнама жоспарына сай ұлттық киім күні ұйымдастырылды. Мақсаты: ұлттық құндылықты насихаттау, қазақтың салт-дәстүріндегі ұлттық өнегені оқушылар бойына дарыту, елге, жерге, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік сезімін оятып, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Осы күні оқушылар мен мұғалімдер үстеріне ұлттық стильдегі әр түрлі әрлендірген барқыт камзолдар, шапандар, сырма кеудешелер, ұзын кәжекейлер, ұлттық бас киімдер, ұлттық ою-өрнекті білезіктер мен сырғалар тағып, жас ұрпақтың ұлттық әшекейлерге қызығушылығы артып, өз тарихымыз бен әлі күнге дейін әлемдік деңгейдегі киім тігу шеберлеріне шабыт беретін керемет нәрселер жасаған бабаларымызға құрмет көрсетуге шақырды.



19 наурыз – Жаңару күні. Наурызнама онкүндігінің алтыншы күні «өмірдің жаңаруын» бейнелейді. Жаңару күні - Қазақстанның жаңару кезеңін, дамуы мен гүлденуін бейнелейді. Қазақ халқы үшін Наурыз мейрамы тек қуанышты тойлау ғана емес, өткенді саралап, болашаққа жоспар құрудың уақыты.

Наурызнама онкүндігі бойынша 20 наурыз «Ұлттық спорт» күні болып белгіленген. Ұлттық спорт түрлері мәдени мұраны сақтауға, жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін күшейтуге ықпал етеді. Дәстүрлі спорт түрлері өмір сүру салты ар-намыс, батылдық, ептілік, күш-қайрат және жылдамдық сияқты қасиеттерді бейнелейді. Қамқор орталығында балалар ұлттық спорт түрлерін жетік меңгерген. Сондай ақ ұлттық спорт ойындары түзету-дамыту іс-әрекеті барысында күнделікті ұйымдастырылып отырады. Бүгін Ұлттық спорт күніне орай мектебімізде балалар арасында жарыстар ұйымдастырылап, ұлттық ойындар ойнатылды.

Мектебімізде “Наурызым - Құт берекем” тақырыбында мерекелік концерт өтті. Оқушылар ән айтып, би билеп, ұлттық ойында ойнады.

бейнелейді. Жаңару күні - Қазақстанның жаңару кезеңін, дамуы мен гүлденуін бейнелейді. Қазақ халқы үшін Наурыз мейрамы тек қуанышты тойлау ғана емес, өткенді саралап, болашаққа жоспар құрудың уақыты.

#Наурызнама2025
#nauryznama2025
#Біртұтас_тәрбие
#оқи_ағарту_ministriligi
#dani.beisembayev
#medetbekovameruert
#anar_tanirbergenova18
#saule_amanzhol
#aqmnoedu
#Kurmangaliyeva 405
#sultanat.temirgali



Сәуле Ом
20 марта · 📍
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
Біржан сал ауданы
"Сәуле ауылының Шәрепи Әлжанов атындағы
ЖОББМ" КММ


Наурызнама онкүндігі бойынша 20 наурыз
«Ұлттық спорт» күні болып белгіленген. Ұлт... Еңбә



Марал Тлеуенова 79 просмотров



Көктемгі демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында іс-шаралар жоспары құрылды. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында оқушыларға жадынама таратылып, қауіпсіздік сабақтары өткізілді, ата-аналармен жиналыс ұйымдастырылды.



4-тоқсан -Тәрбие жұмысының мәтіндік есебі

Ақмола облысы, Біржан сал ауданы қорғаныс ішкі істері жөніндегі біріктірілген бөлімі хаты бойынша 7-11 сынып оқушыларына әскери қызметтің беделін арттыру, оқушылардың патриоттық сезімін ояту мақсатында әскери оқу орындарын насихаттау бейне роликтері көрсетілді.



Химия мен биология пәні мұғалімі Қазкенова Қымбат Кармошевна «Құстар- біздің досымыз» тақырыбында 5-11 сынып оқушылары арасында сыныптан тыс жұмыс ұйымдастырды.




Физика пәні мұғалімі Еханова Толғанай Біржанқызы 12 – сәуір – Ғалымдар күніне орай дәлізге Аспан әлемі тақырыбында қол өнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырды.



Аудандық білім бөлімінен келген хат негізінде, суға ұқыпты қарауды насихаттау, суды үнемдеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында мектебімізде 1-11 сыныптар аралығында “Суды үнемде- болашақты сақта” тақырыбында сынып сағаттары өтті.



«Қамқор» жобасы аясында мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары “Таза Қазақстан” акциясы аясында сенбілік ұйымдастырды. Мектеп маңын, ауыл көшелерін, ойын алаңын қоқыстардан тазартты.



1- мамыр - Бірлік күніне орай мектебіміздің бастауыш сынып жетекшілері “Ер бірлігі- біртұтас елдігіміздің бейнесі” тақырыбында “Еңбегі адал-жас өрен” жобасы аясында іс-шара өткізді. Оқушылар әртүрлі ұлт өкілдерін тандап, тандаған ұлт өкілдерінің ұлттық тағамын, дәстүрін, киімін таныстырып, әндерін, билерінен мерекелік концерт ұйымдастырды.



«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында мектебіміздің 11- сынып оқушылары Біртұтас тәрбие бағдарламасының “Қамқор” жобасы аясында «Түлектердің ағаш егуі» экологиялық челленджін ұйымдастырды. Мектеп ауласына 8 түп қарағай ағашы егілді.

Дәстүрге айналған игілікті іс - шара пайдалы жұмыс болуымен қатар оқушылардың туған өлкесін, мектеп ауласын көгалдандыруға және жақсартуға қосқан үлесі деп білеміз.

«Атадан мал қалғанша, тал қалсын» дейтін еліміздің тәлімін үлгі етер ұрпақтың өнегесі болашаққа жалғасып, дәстүр сабақтастығы үзілмесін дейміз.



Мектебімізде “9 мамыр - Жеңіс күніне” арналған тәрбие сағаттары өтті.

Мақсаты:

1. Оқушыларға Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой-өрісін дамыту.
2. Оқушыларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру патриоттық сезімге баулу
3. Оқушыларды үлкен адамдарды сыйлауға, оларды құрметтеуге тәрбиелеу.



Мектебімізде 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай «Ұландар күні» атты мерекелік концерт өтті. Бұл шараны мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен ұстаздар ұжымы ұйымдастырды.

Концерттің басты мақсаты – жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриоттық рухта тәрбиелеу, әскери мамандықтарға деген қызығушылықты арттыру.

Іс-шара барысында оқушылар патриоттық әндер шырқап, өлеңдер оқыды, көріністер мен сахналық қойылымдар көрсетті. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларының әскери тақырыптағы шағын көріністері мен би қойылымдары көрермендердің көңілінен шықты. Сонымен қатар, оқушылар Қазақстан Қарулы Күштері туралы қызықты мәліметтер айтып, батыр ағаларымыздың ерлігін еске алды.

Мерекелік концерт мектеп ұжымына, ата-аналарға және оқушыларға үлкен әсер қалдырды. Мұндай шаралар – өскелең ұрпақты елін, жерін сүйуге тәрбиелейтін маңызды бастамалардың бірі.



9 Мамыр – Жеңіс күніне арналған сыныптан тыс іс-шара

2025 жылдың 8 мамыры күні 5-11 сынып оқушыларымен 9-мамыр - Жеңіс күніне арналған «Ерлік – елге мұра» атты сыныптан тыс тәрбиелік іс-шара өтті. Шараны тарих пәнінің мұғалімдері Барболова А.М. мен С.Б.Сулейменова ұйымдастырды.

Іс-шара барысында оқушылар Ұлы Отан соғысы жайында мәліметтермен бөлісіп, батыр бабаларымыздың ерліктерін еске алды. 10-сынып оқушысы Амина Қайрат «Мәншүк апай» атты өлеңін мәнерлеп оқып берсе, Еркін Әлішер соғыс ардагерлеріне арнау сөз арнады.

Іс-шара соңында оқушылар «Бейбіт өмір – баға жетпес байлық» тақырыбында сурет көрмесін ұйымдастырды. Барлық оқушылар белсене қатысып, өз ойларын ортаға салып, Жеңіс күнінің маңызын терең түсінді.

Мұндай тәрбиелік шаралар жас ұрпақты елін сүйуге, бейбіт өмірдің қадірін білуге тәрбиелейді.



15-мамыр 4-сынып оқушыларымен бастауышпен қоштасу кеші өтті.

16-мамыр 4-сынып оқушысы Сайран Даяна «Домбыра» тарту сайысында «Үздік шығарма» номинациясы бойынша 2 –орынды иеленді.

Оқу жылының аяқталуына орай меткбемізде 23-мамыр - Соңғы қоңырау мерекесіне орай біріңғай «Білім – Отаным» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Сонымен қатар мектебімізде салтанатты жиын ұйымдастырылды. Мектеп оқушыларын Аудандық білім бөлімінен келген ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығын негізге ала отырып Мектеп директоры 2024-2025 оқу жылында оқу үздігі атанған және жақсы оқыған оқушыларды мақтау қағазымен марапаттады және 2024-2025 оқу жылында оқушылар мен ұстаздардың жетістіктеріне тоқталып шағын доклад оқыды.

Салтанатты жиынның екінші кезеңінде 11 сынып оқушылары ән айтып, мектеп вальсын орындады. Білім нәрімен сусындатқан ұстаздарға алғыстарын білдірді.

Салтанатты жиынның соңында зейнеткер ұстаздар, мектебіміздің 1985-жылғы түлектері тілек білдіріп, ата-аналар шашу шашты.

Өткізілген іс-шаралар хештегпен әлеуметтік желіге жарияланды.

